

Қызмет өткерген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 тамыз N 1185. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 896 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 896 қаулысымен.

"Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қызмет өткерген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс стажын есептеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 3 тамыздағы N 1185
қаулысымен бекітілген

Қызмет өткерген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының жұмыс стажын есептеу ережесі (бұдан әрі - Ереже)

"Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес осы Ереже Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық жалақыларына пайыздық үстемеақы төлеу үшін кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамалары құтқарушыларының (бұдан әрі - құтқарушы) жұмыс стажын есептеу тәртібін айқындайды.

1. Құтқарушыларының қызмет өткерген жылдары үшін үстемеақы алуға құқық беретін жұмыс стажы

1. Құтқарушының қызмет өткерген жылдары үшін пайыздық үстемеақы алуға

құқық беретін жұмыс стажына кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларындағы жұмыс істеген уақыты енгізіледі.

2. Құтқарушының қызмет өткерген жылдары үшін пайыздық, үстемеақы алуға құқық беретін жұмыс стажына, сондай-ақ:

әскерилендірілген тау-кен-құтқару бөлімдері мен бөлімшелерінің құрамында істеген жұмысы;

әскерилендірілген фонтанға қарсы құрамалар мен ұйымдар құрамында істеген жұмысы;

әскерилендірілген газдан құтқару қызметтері, құрамаларының құрамында істеген жұмысы;

мемлекеттік (әскерилендірілген), кәсіби және салалық өртке қарсы қызмет құрамында істеген жұмысы;

жедел-құтқару құрамаларының құрамында, соның ішінде республикалық, облыстық, ведомстволық бақылау және суда құтқару қызметтері мен бөлімшелерінің құрамында істеген жұмысы;

бірыңғай авиациялық іздеу-құтқару қызметтері мен бөлімшелері құрамында істеген жұмысы;

Апаттар медицинасы орталығында істеген жұмысы;

басқа да төтенше жағдайлар саласындағы мамандандырылған бөлімдер мен бөлімшелер құрамында істеген жұмысы кіреді.

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық жалақыға пайыздық үстемеақыны есептеу үшін жұмыс стажына, сондай-ақ:

Қарулы Күштер және басқа да әскери құрамалар қатарындағы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің бөлімшелеріндегі қызмет уақыты;

кәсіби авариялық-құтқару қызметі мен құрамаларының жолдамалары бойынша жұмыстан қол үзіп кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқыған уақыты есептеледі.

2. Құтқарушының қызмет өткерген жылдарына пайыздық үстемеақы төлеу үшін жұмыс стажын есептеу тәртібі

3. Жұмыс стажы, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызмет өткерген жылдарына есептелетін уақыт, күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

4. Күнтізбелік ай ішінде қызмет өткерген жылдары үшін үстемеақы мөлшерін арттыру құқығы туындаған адамдарға, ай үшін үстемеақының жалпы сомасы, айдың кезеңдері бойынша тиесілі мөлшерде есептелген үстемеақыларды қосу арқылы айқындалады.

5. Қызмет өткерген жылдары үшін үстемеақы алуға құқық беретін жұмыс

стажына енгізу үшін, құтқарушы, еңбек заңнамасына сәйкес оның еңбек қызметін растайтын тиісті құжаттарды тапсырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК